

Білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімдердің жеке кәсіби қалыптасуының маңызды жүйесі

Аңдатпа. Білім беру жүйесіндегі педагогтардың ғылыми-әдістемелік қызметінің басты мақсаты - инновациялық технологияларды енгізу арқылы техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту. Кәсіптік білім жүйесін игерген маманды келешекте өндірістік – басқарушылық, маркетингтік, ғылыми – зерттеушілік және білім беру салалық қызметі түрлерін атқара алатындай, сонымен қатар жоғары оқу орындарында білімін жалғастырып, кемел келешектің зиялы әлеуеті қатарын толықтыратындай тұлға ретінде қалыптастыру заман талабы. Сондықтан мақалада білім беру мекемелерінде ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері, әдістемелік қызметтің құрылымы, мазмұны мен ұйымдастырылуы, мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттерін жетілдіру, әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары мен қағидалары қарастырылған. Заманауи білім беруді модернизациялаудағы ғылыми-әдістемелік жұмыстың бағыты мен білім беру мекемелерін басқаруда және мұғалімдердің жеке кәсіби қалыптасуындағы маңыздылығы қамтылған.

Түйін сөздер: ғылыми-әдістемелік жұмыс, білім беру мекемелері, мұғалімнің кәсіби қалыптасуы, кәсіби шеберлік, біліктілікті арттыру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-134-1-75-87>

Түсті: 15.10.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 1.02.21

Кіріспе. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруде ғылыми-әдістемелік қызметті қайта қалыптастырып, оған қойылатын талаптарға сай бағыттауда әдістемелік қызметті үйлестірушілерге зор міндеттер жүктеледі. Әдістемелік қызметтің мазмұнын үнемі жандандырып отыру білім беру ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі құралы болып табылады [1].

Осы бағыттағы күш-жігерді шоғырландыруды қажет ететін маңызды міндеттердің бірі мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі мұғалімнің кәсіби даму деңгейіне байланысты. Педагогтарды

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмысқа енгізу кәсіптік білім беру мекемелерінде ғылыми-әдістемелік жұмыс шеңберінде педагогикалық шеберлікті дамытуға ғана емес, оның жеке тұлғасын дамытуға да, білім сапасын арттыруға да ықпал етеді. Сондықтан кәсіптік білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағытталған жұмыс ерекше маңызға ие.

Мұғалімнің ғылыми-әдістемелік жұмыс қызметімен байланысты мәселелерді кеңінен жариялау осы феноменді шешудің өзектілігі мен практикалық күрделілігін көрсетеді. Іс жүзінде жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік білім беру мекемелерінде мұғалім-

дердің ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыруға дайындауға жеткіліксіз көңіл бөлінбейді. Осылайша, кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру мәселесін **зерттеу өзектілігі** төмендегі қарама-қайшылықты туындатып отыр: кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіруді теориялық ұғынудағы педагогиканың қажеттілігі және осы мәселенің жеткіліксіз зерттелуі. Осы қайшылық кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру мәселесінен тұратын зерттеу проблемасын анықтады. Бұл мәселенің қойылуы және кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру «Білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімдердің жеке кәсіби қалыптасуының маңызды жүйесі» атты зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру болып табылады. Зерттеу міндеттеріне кәсіптік білім беру мекемелеріндегі «ғылыми-әдістемелік жұмыс» ұғымын нақтылау, кәсіптік білім беру мекемелерінің ғылыми-әдістемелік жұмыс жүйесін сипаттау және оны жетілдіру жолдарын анықтау, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысына қойылатын талаптарды анықтау жатады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін жалпы байланыс, өзара шарттасу, әлемнің дамуы мен тұтастығы туралы, тұлғаның біртұтас жүйе ретіндегі әлеуметтік, іс-әрекет және шығармашылық мәні туралы философиялық ережелер құрайды және де төмендегі зерттеу әдістер қарастырылды: жалпы теориялық (талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, топтастыру және т. б.); айқындаушы (мұғалімдер қызметінің мазмұнын талдау, мұғалімдердің практикалық және әдістемелік іскерліктерін талдау, кәсіптік оқыту және әдістеме бойынша мұғалімдердің теориялық білімдерін талдау); эксперименталды-диагностикалық (озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, сауалнамалық әдістер

— әңгімелесу, сұхбат, сауалнама жүргізу, бақылау, тестілеу және т. б.); болжамдық (педагогикалық модельдеу).

Негізгі бөлім. С.Г. Азариашвили [2], Л.И. Дудина [3], М.М. Потапник [4] сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде «әдістемелік жұмыс» және «ғылыми-әдістемелік жұмыс» ұғымдарының мәнін анықтауға мүмкіндік берді, ол ғылыми-әдістемелік жұмыста субъективті құрамды күшейту қажеттілігіне дейін педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған ғылым мен педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне негізделген практикалық іс-шаралардың арнайы кешені түрінде әдістемелік жұмысты қарастырудағы дәстүрлі тәсілдерден ғылыми ой қозғалысын талдау негізінде, өзін-өзі жүзеге асыру процестерін белсендендіру деп атап көрсетті.

Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арнайы әдебиеттерде жан-жақты зерттелген әдістемелік жұмыстардың әдістері мен формаларын дәстүрлі түрде жүзеге асырып келді, алайда заманауи зерттеулерде әдістемелік жұмыс ғылыми-әдістемелік жұмыс болып, кеңейтілген түрде берілген. Қазіргі кезде білім беруді модернизациялау жағдайында әдістемелік жұмысты жетілдіру тұжырымдамасы және оның сапалы мәнінің, негізгі мақсатының, шешетін міндеттерінің жаңаруымен, оның ұйымдастыру талаптарының өзгеруімен және білім беру мекемесінің жағдайында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырып жатқан жаңа деңгейге ғылыми-әдістемелікке ауысуы маңызды болып отыр. Осыған байланысты ғылыми-әдістемелік жұмыстың әдістемелік жұмыстан айырмашылығы бар ма?, деген сұрақ туындайды. Кәсіптік білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың әдістемелік жұмыстан негізгі айырмашылықтары бірінші кестеде анық көрсетілген.

Көріп отырғанымыздай, елеулі айырмашылықтар жеткілікті. Олардың ең бастысы - ғылыми-әдістемелік жұмыстың ұйымдамтырылуы мен жобалануының заманауи тәсілдерінің негізгі мұғалім тұлғасының дамуы ретінде мақсатын сезінуі болып табылады. Өзін-өзі сезінуі үшін педагог ғылыми, кәсі-

Кесте 1

«Ғылыми-әдістемелік жұмыс» және «әдістемелік жұмыс»
ұғымдарының салыстырмалы сипаттамасы

Өлшемдері	Әдістемелік жұмыс	Ғылыми-әдістемелік жұмыс
Анықтамасы	Әдістемелік жұмыс – әрбір мұғалімнің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты көтеруге, жалпы педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытуға, білім берудің тиімді нәтижелері мен оқушылардың дамуына, ғылыми жетістіктерге, оқу-тәрбие үдерісінің талдауына негізделген іс-шаралар жүйесі [5].	Ғылыми-әдістемелік жұмыс – білім берудің жаңа мазмұны мен жоғары нәтижелі технологияларын құруға мүмкіндік беретін, мұғалімнің әдіснамалық мәдениетін қалыптастыратын, педагогтар мен оқушылар ұжымының өмірлік қызметінің интеллектуалды баюына әсер ететін педагогикалық ғылым мен практиканың бір-бірімен байланысты бірыңғай жүйесі. Ғылыми-әдістемелік жұмыс – білім беру мекемесінің оқу-тәрбие қызметінің дамуына бағытталған ғылыми-зерттеушілік және әдіснамалық үдерістердің синтезі [6].
Мазмұны	Оқу мен тәрбиенің рационалды әдістері мен тәсілдерін меңгеру, педагогтың оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге және ұйымдастыруға жалпыдидактикалық және әдіснамалық даярлығының деңгейін көтеру және мұғалімдердің біліктілігін көтеру мен тәжірибелерін тарату, зерттеу.	Білім беру мекемесінің философиясын анықтау, ұжым өмірінің рухани негіздемелерін жасау. Инновациялық идеяларды іздеу, жүзеге асыру, зерттеулерді, тәжірибелік-эксперименталды жұмыстарды ұйымдастыру. Оқу мен тәрбиенің жаңа әдістерінің, тәсілдерінің, құралдарының педагогикалық технологияларының жаңа элементтерін жасау. Педагогтардың кәсіби-тұлғалық қасиеттерін дамыту, олардың ғылыми-теориялық деңгейін көтеру, өзін-өзі дамытуға ынталандыру.
Формасы	Әдістемелік бірлестіктердің, пәндік комиссиялардың құрамында жұмыс жасау.	Жеке оқытушылар мен бүкіл ұжымның тәжірибелі-эксперименталды жұмыстарын жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын шығармашылық ұжымдық орталықтар, лабораториялар мен кафедралар құру.
Нәтижесі	Білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісінің жоғары сапасына қол жеткізу. Әдістемелік нұсқау түрінде педагогикалық тәжірибелерді тарату.	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмыс нәтижесінде алынған қорытындылар мен теориялық және практикалық ережелерінің жиынтығы және олардың білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде ғылыми және практикалық, педагогикалық қызметтерде қолдану. Ғылыми кадрларды көбейту. Ғылыми мақалалардың, оқу-әдістемелік құралдардың, монографиялардың және ғылыми-зерттеу жұмыстарының (диссертациялар) санын көбейту.
Өнімі	Ұсынымдар, нұсқамалар, әдістемелер түрінде қызметтерді жалпы сипаттау.	Ғылыми-теориялық негіздеу және педагогикалық қызметті қамтамасыз ету

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаттары мен мазмұны

№	Мақсаты	Ғылыми-әдістемелік жұмыстың объектісі	Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мазмұны	Ғылыми-әдістемелік жұмыстың субъектісі
1	Кәсіптік білім беру мекемесінің инновациялық дамуының тиімділігін, білім берудің модернизациясын қамтамасыз ету	Білім беру үдерісінің тиімділігі мен сапасы	- стратегиялық жоспарды жасау, кәсіптік білім беру мекемесінің инновациялық дамуын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету - білім беру үдерісінің сапасының, инновацияның тиімділігі мен орындылығының мониторингі - білім берудің аймақтық компоненттерін жасау - оқу орнының жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, мектептермен сыртқы байланысын дамыту	Ғылыми-әдістемелік кеңес Аналитикалық топ Эксперименттік алаң (лаборатория) Ақпараттық орталық
2	Талаптарға сәйкес мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету	Кәсіптік даярлық және оның сапасы	- мамандарды даярлау сапасының критерилері мен көрсеткіштерін жасау - білім беру сапасының, студенттерді тәрбиелеу мен дамытудың диагностикасы мен мониторингі - студенттер мен оқытушыларға мақсатты психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру	Сапа тобы Психологиялық қызмет
3	Басшылықтық және педагогикалық мамандардың педагогикалық және инновациялық қызметінің кәсіпқойлық деңгейін көтеру	Мұғалімдердің және бөлім басшылардың кәсіби-педагогикалық, әдістемелік, инновациялық қызметінің тиімділігі	- кәсіби-педагогикалық білім берудің, педагогикалық ұжым мүшелерінің және әкімшіліктің үздіксіздігін қамтамасыз ету - кәсіби-педагогикалық қызмет нәтижелерін диагностикалау мен талдау негізінде педагогтар дамуының жеке бағдарламасын құру - инновациялық, ғылыми-зерттеу және шығармашылық мотивтерді дамыту	Педагогикалық шеберлік мектебі Педагогтар тобының проблемалары Әдістемелік бірлестіктер Пәндік (циклдік) комиссиялар
4	Білім берудің мазмұны мен құрылымын кешендік ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	Ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасы мен тиімділігі	- кешендік ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен оның құрылымын модельдеу - оқу пәндеріне жаңа пәндік мазмұнды құру және апробациялау, құрылымын модернизациялау, авторлық бағдарламаларды, элективті курстар мен факультативтерді жасау - педагогикалық қызметтің, дидактикалық материалдар мен оқыту технологияларын іздеу, бейімдеу, модельдеу, проектилеу	Ғылыми-әдістемелік кеңес Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымдары Мұғалімдердің жеке іздену және эксперименталды жұмысы

би және жеке проблемаларды шешудің шығармашылық әдістерін меңгеріп, жеке құндылықтар әлемін тұрғызуы қажет. Л.Н. Куликованың пікірінше, педагогтың жеке рухани-адамгершіліктік даму қажеттілігі мен оның жеке әлеуетінің әрдайым өсуі бірінші орынға шығады. Мұғалімнің жеке-кәсіби өзін-өзі дамытуы жоғары деңгейде болуы қажет, сонда ғана ол білім беруді жаңартудың негізгі қайнар көзі болып табылады. Осыған байланысты, педагогикалық үдерістің субъектілерінің өзін-өзі дамытуына әсер ететін техникалық және кәсіптік білім берудің ғылыми-әдістемелік жұмысының сондай жүйесін құру қажеттілігі туындайды [7]. Екінші кестеде ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаттары мен мазмұны сипатталған.

Сондықтан ғылыми-әдістемелік жұмыс екі түрлі жағдайда анықталады. Біріншіден, оқу орнының сәйкес нормативтік-ұйымдық базасы болуы қажет (ғылыми-зерттеуге, тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа, ғылыми-әдістемелік кеңеске, эксперттік комиссияға, қызмет моделіне, жоғары оқу орындарымен ынтымақтық келісім-шартқа, білім беру және ғылыми-әдістемелік орталықтарына және т.б.). Екіншіден, сәйкес органдардың қызметін басқаратын ғылыми-әдістемелік жұмыстың тиімді ұйымдастырушылық-функционалды құрылымын құру қажет (ғылыми-әдістемелік кеңес, эксперттік комиссия, студенттік ғылыми қоғамының кеңесі, кафедралар және лабораториялар және т.б.). Сонымен бірге әр құрылымның қызметінің мазмұны мен жауапкершілігін, құқықтарын, өкілеттіктерін нақты анықтап қою қажет.

Зерттеу барысында біз кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қалыптасуының табыстылығына әсер ететін ғылыми-әдістемелік жұмыс факторларын анықтадық. Ішкі факторлар кәсіптік білім беру мекемелерінің миссиясы, оны басқару ресурсы мен инновациялық әлеуеті, ұйымдастыру мәдениеті және тағы басқа субъектілік-тұлғалық факторлар педагогтардың құндылықтық бағдарын, өзін-өзі жетілдіруге деген мотивация деңгейін, жеке тұлғалық мағынасы бар өз қызметінің мақсаты туралы түсінігін көрсетеді.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен педагогикалық озат тәжірибе жетістіктеріне және оқу-тәрбие жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, өзара байланысты іс-әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір мұғалім мен тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға бағытталған (мұғалімдердің өз бетімен кәсіби білімін көтеруін, өзін-өзі тәрбиелеу, жетілдіру шараларын басқаруды қоса) шаралар, педагогикалық ұжымның ілімдік мүмкіндік шамасын дамыту және арттыру, сайып келгенде, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, нақты оқушыны білім, тәрбие алу және даму деңгейіне жеткізу.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. Ол – оқу-тәрбие жұмысын басқару, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесінде талап қоя білудің маңызды бағыты – оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру, бұл оқушылардың танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлікпен дағдыны қалыптастыратын болады. [8].

Білім беру жүйесін реформалау жағдайында ғылыми-әдістемелік жұмыс ерекше құндылыққа ие. Өмірде табысты бола алатын заманауи ойлайтын адамды жоғары кәсіби шеберлікке ие мұғалім ғана тәрбиелей алады. «Кәсіби шеберлік» ұғымына пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық білім мен іскерлік қана кіріп қоймайды, сонымен қатар кәсіби құндылықтар жүйесін қамтитын педагогтың жеке әлеуеті де кіреді. Жалпы білім беретін мекемелеріндегі әдістемелік қызметке жоғарыда аталғандардың барлығы бағытталады. Ең маңыздысы бұл үдерістің ары қарай жетілдірілуінде педагог қызметі ең белсенді субъект болуы қажет. Осының өзі көп түрлі ғылыми-әдістемелік жұмысты кешенді қарастыру қажеттілігін туындатады. Ғылыми-әдістемелік жұмыс көптеген маңызды қызметтерді атқарады.

Бұлардың ең алғашқысы бейімделу және әлеуметтендіру. Ғылыми-әдістемелік жұмысқа белсенді қатыса отырып, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіре отырып, инновация ендіре отырып, мемлекеттік стандартқа сәйкес білім беру сапасын арттыруға әсер ете отырып, мұғалім өзіне мұғалім-зерттеуші мәртебесін иемденеді. Ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімге ескірген көзқарастардан арылуға, сыртқы өзгерістерді тез қабылдауына әсер ете отырып, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ғылыми-әдістемелік жұмыстағы ең негізгісі – педагогқа көмек көрсету.

Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс – әр мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігінің жан-жақты көтерілуіне бағытталатын және озық педагогикалық тәжірибенің, ғылымның жетістіктеріне негізделетін тәжірибелік іс-шаралардың арнайы кешені. Бұл кешен педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетінің көтерілуіне және соңғы нәтижесінде білім беру үдерісінің нәтижесі мен сапасының, басқаша айтқанда оқушылардың білім деңгейінің, тәрбиелілігі мен дамуының өсуіне бағытталады. Сондықтан да мұғалімнің құзіреттілігі қандай қасиеттерден тұрады, бүгінгі күн талабына сай педагог қандай болу керек екенін анықтау, мұғалімге қойылған біліктілік талабына қарай құзіреттіліктің барлық түрлері жетекші болуы тиіс. Себебі, өзінің қызметін жоғары дәрежеде атқармаса және өздік кәсіби дамуын одан әрі жобалап, болжам жасамаса, онда ол тоқыраудағы педагог. «Құзіреттілік» ол білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсілмен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықта туындаған дағдарысты жағдайдан шығудың бір жолы. Оның сапасы алған білімінің көптігінен емес, сол білімді қолдана білуімен маңызды. Құзіреттілік мұғалімнің кәсіби тұлғалық білімінің теңдессіз жүйесі, еңбекке шығармашылық көзқарас, педагогикалық жағдайды меңгерту үшін үнемі кәсіби жетілуге ұмтылу нәтижесінде жаңа ой-мағына туғызатын қабілет. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаты педагогтың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көтеру,

оның нағыз маман болып қалыптасуын қадағалау болып табылады. Кәсіби құзыреттілік – оқушының дамуын қамтамасыз ететіндей деңгейде педагог тұлғасының өзін-өзі жетілдіретіндей педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық қызметтің әртүрлі жақтарының мұғалімнің еңбегінде қалыптасуы. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың тақырыбы педагогтың коммуникативті, ақпараттық, құқықтық, кәсіби құзыреттіліктер арқылы білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, мұғалімнің әдістемелік шеберлігінің деңгейін көтеру, педагогикалық тәжірибені ендіру және кең тарату [9].

Мұғалімнің кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы оның шығармашылық қабілетін дамытуды және дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымдық қолдануға ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық мәдениетінің артуы барынша жемісті болады. Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жоспарына сәйкес олар бес жылда бір рет мұғалімдер біліктілігін көтеру институттарында немесе педагогикалық жоғары оқу орындарының арнаулы факультативтерінде арнайы дайындықтан өтуі тиіс.

Осыған байланысты жақында ғана жарияланған білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алуымыз қажет. Онда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік инновациялардың орталығына айналатынын және Республикалық оқу-әдістемелік кеңес педагогикалық ЖОО-мен тығыз өзара қарым-қатынаста еліміздің барлық оқу-әдістемелік қызметтерінің, пән мұғалімдері қауымдастығының қызметін біріктіретін және үйлестіретін болады деп атап көрсетілген. Сонымен қатар білім берудің жаңартылған мазмұнын бекіту және одан әрі жетілдіру мақсатында жетекші ғалымдарды, сарапшыларды және практик-

терді тарта отырып, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, мониторинг, талдау және бағалау қамтамасыз етілетін болады. И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарымен және басқа да даму институттарымен, педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп, ұзақ мерзімді қолданбалы зерттеулер жүргізу және Қазақстанның орта білім беру жүйесін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу үшін күш біріктіретін тораптық орталық құрады. [10]. Бұл бағдарламадан біз ғылыми-әдістемелік жұмыстың маңызының артып отырғанын көруімізге болады.

Білім берудің модернизациясы, білім беру үдерісінің барлық компоненттерінің жаңаруы педагогикалық жұмысшыларға талаптарды күшейтіп отыр. Бүгінгі педагог жоғары деңгейде қиын кәсіби міндеттерді кешенді және шығармашылық шеше білуі тиіс. Атап айтқанда: оқушылардың даму деңгейін диагностикалау, өз қызметі мен оқушыларының қызметінің нақты мақсаттары мен міндеттерін құра білу, оқушылардың әлеуметтік және танымдық дамуы есебімен мазмұнды әдістер мен құралдарды орынды таңдай білуі, өз қызметінің және оқушыларының жетістіктерінің нәтижелері мен қадағалауы, вариативті білім беру бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру, авторлық білім беру идеяларын, технологияларын, әдістемелік тәсілдерін жасау және белгілілерін шығармашылық қолдану, танымдық қызметті ұйымдастыру.

Бұл талаптар заманауи мұғалімнің тек пән мұғалімі ретіндегі емес, сонымен қатар педагог-зерттеуші, педагог-психолог, педагог-технолог ретіндегі маңызын анықтап отыр. Осыған байланысты педагогикалық шеберліктің дамуына әсер ететін мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс зор маңызға ие болып отыр. Ғылыми-әдістемелік жұмыс оқу мен тәрбие сапасына, білім беру мекемесінің соңғы нәтижелеріне әсер ететіндіктен оны білім беру үдерісін басқарудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады.

Ғылыми-әдістемелік қызмет педагогикалық қызметтің барлық түрлері бойынша және

кадрлардың сабақ беретін пәндері бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау жүйесі болып табылады. Ю. Бабанскийдің «Мектептегі әдістемелік жұмыс: ұйымдастыру және басқару» деген еңбегінде әрбір мұғалім мен тәрбиешінің кәсіби шеберлігі жан-жақты біліктілігін көтеруге бағытталған бір-бірімен тығыз байланысты іс-шаралардың, оқу-тәрбие үдерісімен және озық педагогикалық тәжірибемен анықталады [11]. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс – педагогтардың шеберлік мектебі, шығармашылық белсенділік сияқты үздіксіз практикалық қызметтен көрінетін біліктілікті арттырудың ішкі формасы болып табылады.

Педагогикалық әдебиеттерде көрсетілгендей, жалпы ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімнің үздіксіз білім жүйесінің маңызды звеносы болып табылады. Мектепте ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың үлкен тәжірибесі жинақталған, оның формалары мен әдістері жасалған. Ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыра отырып, ұзақ уақыт бойы мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің көтерілуіне әсер ететін әртүрлі қызметтерге даярлық деңгейін және осы қызметті басқаруды зерттеуге болады. Педагогикалық сөздікте ғылыми-әдістемелік жұмыс - мұғалімдердің ғылыми-теориялық, жалпы мәдени және кәсіби шеберлік деңгейін көтеруге бағытталған педагогикалық кадрлардың ұжымдық және жеке қызметі болып табылады [12].

Қазіргі кезде бұл ұғымның мазмұны кеңейіп келеді. С.Г. Молчановтың пікірінше ғылыми-әдістемелік жұмыс педагогикалық және басшылықтық іс-әрекеттерді қамтамасыз ететін теориялық өнімдер шеңберінде жасалатын кәсіби-педагогикалық қызметтің міндетті құрамды бөлігі болып табылады [13].

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың пәні тек қана кәсіби-педагогикалық коммуникация құралдары емес, сонымен қатар оқыту мазмұны және басшылықтық мазмұнды (бұйрықтар, нұсқаулар және т.б.) иемденеді. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаты білім беру үдерісін сүйемелдеу, білім беру үдерісінің сапасын көтеруге әсер ету.

Көптеген авторлардың пікірінше әдістемелік жұмыстың міндеттері төмендегідей: [14].

1. озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және ендіру,

2. мұғалімнің ғылыми деңгейін көтеру мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерімен танысу,

3. мұғалімнің кәсіби шеберлігін көтеру.

Ал ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттеріне төмендегілерді жатқызамыз:

1. мұғалімнің инновациялық қызметке енуі,

2. мұғалімнің ғылыми-зерттеу қызметіне енуі,

3. мұғалімнің тәжірибелік-эксперименталды қызметке енуі.

Осы бағыттағы күш-жігерді шоғырландыруды қажет ететін маңызды міндеттердің бірі мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру болып табылады. Оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесі мұғалімнің кәсіби даму деңгейіне байланысты. Педагогтарды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталды жұмысқа енгізу инновациялық қызметте ғылыми-әдістемелік жұмыс шеңберінде педагогикалық шеберлікті дамытуға ғана емес, оның жеке тұлғасын дамытуға да, білім сапасын арттыруға да ықпал етеді. Сондықтан инновациялық қызметте жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағытталған жұмыс ерекше маңызға ие.

Әзірленіп жатқан заманауи педагогикалық ғылымда педагог кейпі ХХІ ғасырда ең алдымен, білікті, шығармашылықпен дамыған жеке тұлға және органикалық өзгерістерге, сыртқы ортаға бейімделуге қабілетті болуы тиіс. Бұл жағдай бірінші кезекте өзін қалыптастыруға бағытталған белсенділіктің жоғары деңгейінде көрінеді, бұл педагог дамуының негізін құрайтын білімнің, жеке қасиеттерінің, қабілеттерінің арқасында болуы мүмкін. Бұл міндетті іске асырудың табыстылығын қамтамасыз ететін фактор ғылыми-әдістемелік жұмыс болып табылады, ол білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде педагогтың әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде, оның

ішінде орта арнаулы білім беру мекемелерінде жеке-кәсіби қалыптасуында басым рөл атқара алады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мазмұнына кейбір авторлар оқытушылардың даярлық бағытының жиынтығын кіргізеді: дидактикалық, тәрбиелік, психологиялық-педагогикалық, этикалық, құқықтық, техникалық, жалпы мәдени, басшылықтық, әдіснамалық және дүниетанымдық даярлықтар.

Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың көптеген артықшылықтары бар [15]:

1. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс 4-5 жылда бір өтілетін біліктілікті арттыру мекемелеріндегі даярлықтарға қарағанда үздіксіз, тұрақты сипатты иемденеді. Сондықтан да әрбір мұғалім өзінің анықталған уақытын ғылымның, техника мен мәдениеттің заманауи жетістіктерін және озық тәжірибелерді меңгеруін ереже деп қарау керек. Заманауи мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс - мұғалімнің үздіксіз білім жүйесінің маңызды звеносы.

2. Мектептегі біліктілікті арттыру және мұғалімдердің шеберліктері ғылыми-әдістемелік жұмыстың мазмұны мен сипатын педагогикалық проблемалармен және нақты оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

3. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырушылар ұзақ уақыт, нақты оқытушылар мен сынып жетекшілерінің жеке қасиеттері мен қызметтерін, олардың қызметтеріндегі қиыншылықтар мен кемшіліктерді анықтауға, прогрессивті тенденциялар мен озық жаңашылдықтың өсуін қадағалауға мүмкіндіктерді иемденеді. Ал бұл үдеріс педагогтардың педагогикалық шеберліктерін басқаруға икемді болуына мүмкіндік береді.

4. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс нақты жұмыс істеп, дамып жатқан, ауызбіршілігі бар педагогикалық ұжымда жүргізіледі, сондықтан да бірлесіп жұмыс атқару және ауызбіршілік ғылыми-әдістемелік жұмыстың дұрыс жолға қойылуына және педагогикалық ұжымның ары қарай шығармашылық дамуына септігін тигізеді.

Мектептегі көкейтесті педагогикалық, психологиялық және басқа да проблемалардың ұжымдық әзірлемелері мектептің озық ұжымдарына тәжірибелік және ғылыми зерттеулерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс мектепшілік басқару жүйесінде де ерекше орынға ие, оның негізгі міндеттері мен қызметтерімен тығыз байланысты. Оның мектепті басқарудағы негізгі рөлі адамзат факторын белсендіруде көрінеді - мұғалімдер мен тәрбиешілер қызметінің шығармашылық бағытын күшейтуден көрінеді. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізін қарастыра отырып, оның кейбір маңызды талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс екенін кейбір авторлар атап көрсетеді. Мәселен, А.М. Моисеев төмендегі талаптарды бөліп көрсетеді [16]:

1. Көкейтестілік, бұл принцип ғылыми-әдістемелік жұмыстың заманның ауқымды проблемаларында ғана емес, сонымен қатар сол мұғалімдердің ұжымына жақын мағынада жүзеге асырылуын үдерісін талап етеді.

2. Ғылымилық. Бұл принцип ғылыми-әдістемелік жұмыстың жетекшілерін мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі мен ғылымның заманауи деңгейі арасындағы сәйкестілікке қол жеткізуге бағытталады. Бұл принциптің жүзеге асырылуы педагогтардың қызметтерін жан-жақты зерттей отырып, мектептегі нақты жағдайды ғылыми тәсілде талдауға негізделеді.

3. Жүйелілік. Бұл принцип ғылыми-әдістемелік жұмысқа толық жүйе ретінде қарауды талап етеді. Ол мұғалімдермен жұмыс істеудің әдістері мен формаларына, мазмұнына, міндеттеріне, мақсаттарының бірлесуіне тәуелді. Негізі әлеуметтік жүйелерге басқару тән болғандықтан, жүйелілік принципі барлық ғылыми-әдістемелік жұмыстың басқаруға икемділігі мен жоспарлылығын білдіреді.

4. Кешенді сипат. Бұл принцип мұғалімдердің біліктілігін арттыру жақтары мен бағыттарының байланысы мен бірлігін қарастырады (мына сұрақтарға байланысты: жеке әдістеме, дидактика және тәрбие теориясы, психология және физиология, педагогикалық этика, жалпы мәдениеттің дамуы және т.б.).

5. Жүйелілік, дәйектілік, сабақтастық, үздіксіздік. Бұл принциптер бүкіл жыл бойындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстың түрлі формаларын мұғалімдердің қамтуын қарастырады, ғылыми-әдістемелік жұмыстың үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігіне айналуын қамтамасыз етеді.

6. Шығармашылық сипат, мұғалімдерді белсендіру. Бұл принцип мұғалімдердің шығармашылық ізденісін ынталандыруды қамтамасыз ететін мұғалімдермен ғылыми-әдістемелік жұмыстың шығармашылық сипатын болжайды.

7. Нақтылық: нақты мектептің, мұғалімдердің ерекшеліктерін ескеру, мұғалімдерге жеке қарау.

8. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың барлық тәжірибелік бағыттылығындағы теория мен тәжірибенің бірлігі.

9. Жеделділік, икемділік, мобильділік.

10. Мұғалімдердің тиімді шығармашылық ізденістері үшін қолайлы жағдай жасау.

Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың барлық алуан түрлілігін өзара байланысты үш топ түрінде көрсетуге болады: фронтальды формалар (психологиялық-педагогикалық семинарлар, практикумдар, ғылыми-практикалық конференциялар және т.б.); топтық формалар (әдістемелік бірлестіктер, мұғалімдердің шығармашылық шағын топтары, озық тәжірибе мектептері және т. б.); жеке формалар (жеке консультациялар, тәлімгерлік, жеке шығармашылық тақырыппен жұмыс, жеке өз бетінше білім алу және т. б.). Бұл ретте жұмыстың алдыңғы формаларының ішінде топтық және жеке сипаттағы жұмыс болуы мүмкін екенін ескеру қажет, сондықтан жоғарыда аталған топтар арасындағы айырмашылықты абсолюттеуге болмайды. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық формаларының аталған топтары мұғалімдердің сандық және сапалық құрамын есепке алу негізінде бөлінеді.

Осылайша, біз ғылыми-әдістемелік жұмыстың міндеттерін іске асыру үшін жеткілікті формалар бар екенін көріп отырмыз. Зерттеушілер атап өткендей, ғылыми-әдістемелік

жұмыс педагогтардың жалпы психологиялық-педагогикалық дайындығы мен кәсіби педагогикалық құзыреттілігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар педагогтардың әр түрлі қызмет түрлерін жүзеге асыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу мақсатында педагогтардың дайындықтарының нақты түрлерін дамытуға бағытталуы мүмкін. Болашақ мұғалімнің жалпы теориялық дайындығын емес, дайындық түрлерінің бірін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру процесін қарастыратын бірқатар зерттеулер бар:

- психологиялық-педагогикалық ұсынымдар әзірлеу,
- педагогтарды педагогикалық қызметте өзін-өзі ұйымдастыруға бағыттау,
- бастауыш сынып оқушыларының құндылық-гуманистік бағдарын қалыптастыру,
- оқытудың техникалық құралдарын қолдану,
- оқушыларды оқытуға жеке-бағытталған тәсілдерді жүзеге асыру,
- оқытуды дараландыру мен саралауды жүзеге асыру.

Сонымен зерттеу барысында кәсіптік білім беру мекемелеріндегі «ғылыми-әдістемелік жұмыс» ұғымы нақтыланды, кәсіптік білім беру мекемелерінің ғылыми-әдістемелік жұмыс жүйесі сипатталды және оны жетілдіру жолдары анықталды, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіруге қойылатын талаптар талданды.

Кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмысты атқаруға даярлықтарын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларына төмендегілер жатады:

жүйелілік тұғыр – кәсіби даярлық барысында кәсіптік білім беру мекемелерінің кәсіби құзыреттілікті әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық компоненттер бірлігінде қарастырады;

тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр – кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің өздерін субъект ретінде сезінуіне көмектеседі және олардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын және мазмұнын меңгеру тетігін айқындауға мүмкіндік жасайды;

аксиологиялық тұғыр – кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің жаңа білім беру философиясының және соған сәйкес заманауи педагогиканың әдістемесінің негізін меңгеруге бағыттайды;

құзыреттілік тұғыр – кәсіптік білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің іскерлігі мен қабілеттерімен, теориялық және тәжірибелік даярлығымен, жоғары деңгейлі технологиялылығымен, мәдениетілігі және шеберлігімен, түбегейлі білімінің жиынтығымен, өзін-өзі дамытуға үнемі дайын болуымен қамтамасыз етіледі.

Қорытынды. Мектеп әкімшілігі ғылыми-әдістемелік жұмыстың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мектеп үшін және жалпы білім беру жүйесі үшін өзекті мәселені шешуге мүмкіндік беретін қуатты басқару құралы. Егер жұмыс мақсатты түрде жүргізілсе, барлық басшы қызметкерлер мен мұғалімдердің іс-әрекеттері үйлестірілетін болады, онда әдістемелік жұмыс дайындықтың белгілі бір түрін дамытудың факторы болып табылады. Белгілі бір проблеманы шешуге бағытталған ғылыми-әдістемелік жұмыс тиімсіз болады.

Сондықтан да мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысты атқаруға құлшыныстарын арттыру үшін олардың инновациялық тәртібіне көңіл бөлуіміз керек. Мұғалімдердің инновациялық тәртібі ішкі мотивация, шығармашылық белсенділігі және әлеуметтік мотивациясы сияқты факторларға тәуелді болады. Осы мотивацияның механизмдері мұғалімдердің инновациялық белсенділігін, құлшыныстарын өзгертуге септігін типізетіні анық [17]. Ғылыми-әдістемелік жұмыс педагогтардың кәсіби құзыреттілігін үздіксіз арттырудағы нақты қажеттілігін көрсететін біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуі тиіс. Осылайша, зерттеу объектісі ретінде ғылыми-әдістемелік жұмыс жүйесі мұғалімдер іске асыратын өзара байланысты іс-шаралар, қимылдар, түрлі сипаттағы іс-әрекеттер жиынтығы болып табылады және білім беру мекемелері қызметкерлерінің кәсіби біліктілік деңгейі әдістемелік жұмыстың тиімділігіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Конакбаева У.Ж., Коздибаева А. Кәсіптік білім беру мекемелерінде ғылыми-әдістемелік жұмыс. ҚР БҒМ РӨӘК-нің М.Әуезов атындағы ОҚМУ-і жанындағы кәсіптік білім бағыты бойынша ОӘБ-ның «Оқу-әдістемелік секция баспаға ұсынған» белгісімен кәсіптік оқыту мамандығының магистранттары мен бакалаврларына арналған оқу құралы. – Шымкент: Silkway халықаралық университеті, 2019.
2. Азаришвили С.Г. Научно-методическая работа педагогов в совершенствовании образовательной системы в условиях малого города: дис. канд. пед. наук: 13.00.08 - Чебоксары, 2000. - 152 с.
3. Дудина Л.И. Управление научно-методической работой как фактор повышения профессиональной компетентности педагогов образовательного учреждения инновационного типа: дис.канд. пед. наук: 13.00.01.- Челябинск, 1996. - 185 с.
4. Поташник М.М. Управление современной школой (в вопросах и ответах): пособие для руководителей образовательных учреждений и органов образования. - М.: Новая школа, 1997. - 352 с.
5. Деев Е.Е. Содержание, структура и организация методической работы в педколледже // Среднее профессиональное образование. -2004. - №9. - С. 18-19.
6. Бабанский Ю.К. Методическая работа в школе: организация и управление: Рекомендации для руководителя школ. - М., 1988. – 184 с.
7. Куликова Н.Н. Саморазвитие личности: психолого-педагогические основы: учебное пособие. - Хабаровск: Изд-во Хабар. гос. пед. ун-та, 2005. - 320 с.
8. Деев Е. Е. Содержание, структура и организация методической работы в колледже. - М., 2014.
9. Qihua Sun, Ahmad Johari Bin Sihes A Meta-Analysis On Efl Secondary Teachers' Professional Competences In China // Journal of Critical Reviews. Vol 7, Issue 6, - 2020. - P.246-264
10. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрон. ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралған күні: 12.09.20).
11. Методическая работа в школе: организация и управление: рекомендации для руководителей шк. / Под ред. Ю. К. Бабанского. - М., 1988. - 184с.
12. Ушаков Д.М. Толковый словарь современного русского языка. / Под ред. д-ра филол. наук Н.Ф. Татьянченко. -М.: Альта-Пресс, 2005. - 804 с.
13. Молчанов С.Г. Профессиональная компетентность в системах аттестации, управления, повышения квалификации и профессиональной деятельности. - Челябинск: ИДПОПР, 2001.
14. Карасева Х. Профессиональная компетентность инновационного педагога в формировании личности толерантного типа // Поиск. -2005. - №2. -С. 236-238.
15. Немова Н.В. Управление методической работой в школе. - М.: Сентябрь, 2008. - 176 с.
16. Моисеев А.М., Моисеева О.М. Заместитель директора школы по научно-методической работе. – М.: Издательство: Педагогическое общество России, 2007. -200 с.
17. Faiza A. Bawuro, Alina Shamsuddin, Eta Wahab, Kayode I. Adenuga, Julius T. Ndaghu Motivational Mechanisms On Teachers' Innovative Behaviour - A Systematic Review Approach// Journal of Critical Reviews. Vol 7, Issue 6, - 2020 - P.239-245.

У.Ж. Конакбаева

Международный университет SILKWAY, Шымкент, Казахстан

**Научно-методическая работа в образовательных учреждениях важная система
личного профессионального формирования учителя**

Аннотация. Главная цель методической деятельности педагогов системы образования-модернизация технического и профессионального образования посредством внедрения инновационных технологий, формирование специалиста, освоившего систему профессионального образования, как личности,

способной в будущем выполнять производственно-управленческие, маркетинговые, научно-исследовательские и образовательные отраслевые виды деятельности, а также продолжить обучение в высших учебных заведениях и пополнить интеллектуальный потенциал будущего. Поэтому в статье рассматриваются цели и задачи организации научно-методической работы в учреждениях образования, структура, содержание и организация научно-методической деятельности, совершенствование инновационной деятельности учителей, формы и принципы организации научно-методической работы. Цель научно-методической работы в модернизации современного образования заключается в управлении образовательными учреждениями и формировании личности учителей.

Ключевые слова: научно-методическая работа, образовательные учреждения, профессиональное становление учителя, профессиональное мастерство, повышение квалификации.

U.Zh. Konakbayeva

SILKWAY international University, Shymkent, Kazakhstan

Scientific and methodological work in educational institutions is an important system of personal professional formation of teachers

Abstract. The main goal of methodological activity of teachers of the education system is the modernization of technical and professional education through the introduction of innovative technologies. Formation of a specialist who has mastered the system of professional education, as a person who can perform production and management, marketing, research, and educational activities in the future, as well as continue training in higher education institutions and join the ranks of the intellectual potential of the future. Therefore, the article considers the goals and objectives of organizing scientific and methodological work in educational institutions, the structure, content, and organization of scientific and methodological activities, improving the innovative activity of teachers, forms, and principles of organizing scientific and methodological work. The purpose of scientific and methodological work in the modernization of modern education is to manage educational institutions and form the personality of teachers.

Keywords: scientific and methodological work, educational institutions, professional development of teachers, professional skills, professional development.

References

1. Konakbaeva U.Zh., Kozdibaeva A. Kasiptik bilim беру mekemelerinde gylymi-adistemelik zhumys. KR MSE ROAK-nin M.Әuezov atyndagy OKMU-i zhanyndagy kasiptik bilim bagyty bojynsha OAB-nyn «Oku-adistemelik sekciya baspaga usyngan» belgisimen kasiptik okytu mamandygynyn magistranttary men bakalavrlaryna arналган oku қuraly. [Scientifically methodical works in professionally educational organizations. Textbook for undergraduates and bachelors of professional education with the note «Educational and methodological section recommended for publication» in the specialty «Professional education» of the SKSU named after M. Auezov] (Silkway International University, Shymkent, 2019, 200 p.).
2. Azariashvili S.G. Nauchno-metodicheskaya rabota pedagogov v sovershenstvovanii obrazovatel'noj sistemy v usloviyah malogo goroda: dis. ...kand. ped. nauk. [Scientific and methodological work of teachers in improving the educational system in a small town: dis. cand. ped. sciences] (CHEBOKSARY, 2000, 152 p.).
3. Dudina L.I. Upravlenie nauchno-metodicheskoy rabotoj kak faktor povysheniya professional'noj kompetentnosti pedagogov obrazovatel'nogo uchrezhdeniya innovacionnogo tipa: dis. ...kand. ped. nauk. [Management of scientific and methodological work as a factor in increasing the professional competence of teachers of an educational institution of an innovative type: dis. ... cand. ped. sciences] (Chelyabinsk, 1996, 185 p.).
4. Potashnik M.M. Upravlenie sovremennoj shkoloj (v voprosah i otvetah): posobie dlja rukovoditelej obrazovatel'nyh uchrezhdenij i organov obrazovaniya [Management of a modern school (in Questions and

Answers): assistance for heads of educational institutions and educational authorities] (New school, Moscow, 1997, 352 p.).

5. Deev E.E. Soderzhanie, struktura i organizatsiya metodicheskoy raboty v pedkolledzhe. [Content, structure and organization of methodical work in the pedagogical college], Srednee professional'noe obrazovanie [Secondary vocational education], 9, 18-19 (2004).

6. Babansky Yu.K. Metodicheskaya rabota v shkole: organizatsiya i upravlenie: Rekomendatsii dlya rukovoditelej shk. [Methodical work at school: organization and management: Recommendations for the head of schools,] (Moscow, 1988, 184 p.).

7. Kulikova N.H. Samorazvitiye lichnosti: psikhologo-pedagogicheskie osnovy: uchebnoe posobie [Personal self-development: psychological and pedagogical foundations: a tutorial] (Publishing House of the Khabarovsk State Pedagogical University, Habarovsk, 2005, 320 p.).

8. Deev E. E. Soderzhanie, struktura i organizatsiya metodicheskoy raboty v kolledzhe [Content, structure and organization of methodological work in the college] (Moscow, 2014).

9. Qihua Sun, Ahmad Johari Bin Sihes A Meta-Analysis On Efl Secondary Teachers' Professional Competences In China [Meta-Analysis On Efl Secondary Teachers' Professional Competences In China, Journal of Critical Reviews, 7, 246-264 (2020).

10. Kazakhstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы [The program for develop education and knowledge in Republik of Kazakhstan in 2020-2025y]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988.12september.ru> (Accessed: 12.09.2020).

11. Metodicheskaya rabota v shkole: organizatsiya i upravlenie: Rekomendatsii dlya rukovoditelej shk. [Methodical work at school: organization and management: recommendations for school leaders. Ed. Yu. K. Babansky] (Moscow, 1988, 184 p.).

12. Ushakov D.M. Tolkovyj slovar' sovremennogo russkogo yazyka [Explanatory dictionary of modern Russian language]. Ed. Dr. Philol. Sciences N.F. Tatyanchenko] (Alta-Press, Moscow, 2005, 804 p.).

13. Molchanov S.G. Professional'naya kompetentnost' v sistemah attestatsii, upravleniya, povysheniya kvalifikatsii professional'noj deyatel'nosti [Professional competence in the systems of certification, management, advanced training and professional activity] (IDPOPR, Chelyabinsk 2001).

14. Karaseva H. Professional'naya kompetentnost' innovatsionnogo pedagoga v formirovanii lichnosti tolerantnogo tipa [Professional competence of an innovative teacher in the formation of a tolerant type of personality], Poisk [Search], 2, 236-238 (2005).

15. Nemova N.V. Upravlenie metodicheskoy rabotoj v shkole [Management of methodological work at school] (Sentjabr', Moscow, 2008, 176 p.).

16. Moiseev A.M., Moiseeva O.M., Zamestitel' direktora shkoly po nauchno-metodicheskoy rabote [Deputy director of the school for scientific and methodological work], (Pedagogical Society of Russia, Moscow 2007, 200 p.).

17. Faiza A. Bawuro, Alina Shamsuddin, Eta Wahab, Kayode I. Adenuga, Julius T. Ndaghu Motivational Mechanisms On Teachers' Innovative Behaviour - A Systematic Review Approach [Motivational Mechanisms On Teachers' Innovative Behaviour - A Systematic Review Approach], Journal of Critical Reviews, 7, 239-245 (2020).

Автор туралы мәлімет:

Конакбаева У.Ж. – PhD, доцент м.а., кафедра менеджменті, SILKWAY Халықаралық университеті, Жангильдин көш., 13, Шымкент, Қазақстан.

Конакбаева U.Zh. – Ph.D., Head of the Department, SILKWAY International University, 13 Dzhangildin str., Shymkent, Kazakhstan.